



«Бекітемін»

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы
«№5 Қандыағаш қалалық ЖББОМ» директоры
С.К.Бердибеков
« 9 » тамыз 2023 жыл

«Келісемін»

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Ж.С.Боранкулова
« 9 » тамыз 2023 жыл

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы
№5 Қандыағаш қалалық ЖББ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған
__11 «А» __ класс кешенді тәрбие жоспары.
Сынып жетекшісі: А.Ж.Келимбергенова

2023 – 2024 оқу жылы

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НУСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа бау

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгері ету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық кимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық кимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту; әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылданду, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
 - жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
 - еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
 - ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
 - тарихи, деректі фильмдерді талдау;
 - білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
 - табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
 - жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
 - «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар
- ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- бабаларды зана, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жогары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік органдықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицирталған тренерлері

білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағылмай және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
 - сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
 - білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
 - ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған конференциялар);
 - білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
 - аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындауын бақылау мен басшылық жасау** білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі. Орындаған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау.

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

P/c	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	11-сынып	Сынып сағаты	Анықтама	Тәрбие-ісі орынбасары	
2	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	11-сынып	Сынып сағаты	Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші	
3	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар, сынып жетекші	
4	«Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Менің жетістігім - менің нәтижем	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекші,	
5	«Қарттарым- асыл қазынам»	11-сынып	Мерекелік кеш	Сынып сағатының жоспары	Ата-аналар, сынып жетекші	

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
 - 5 қазан – Мұғалімдер күні
 - 25 қазан – Республика күні
 - Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
 - Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көбеевтің туғанына 165 жыл
 - Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
 - Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
 - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 ж.

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	11-сынып	Ашық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Пән мұғалімдері	
2.	«Алаштың сөнбес жұлдызы- Мағжан Жұмабаев» (130 жыл)	11-сынып	Ашық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тәрбие ісі орынбасарлары, пән мұғалімдер	
3.	«Менің Отаным-Қазақстан» 25 қазан – Республика күні	11-сынып	Мерекелік кеш	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

Іс-шараның атауы		Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсыдүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналыұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп инспекторы, мектеп психологі Сынып жетекші	
2.	«Өнегелі өмір» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты Эссе жазу	Сынып сағатының жоспары. Эссе қорытындысы	Сынып жетекші	
3.	«Мейірімділік керуені» ҚХА форумы	11-сынып	Тәрбие сағаты	«Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен демеушілерді марапаттау	Әлеуметтік педагогтар Сынып жетекші	
4.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Тарих пен тілтамырлас» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
2.	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Мектеп әкімшілігі	
3.	Шәкәрім-ұлы тұлға (Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	
4.	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты (Ата-аналар жиналысы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші	

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп жобасы»)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп кітапханашылары, Сынып жетекші	
2.	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші	
3.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	

4.	«Ұлы өнертапқыштық қа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші	
----	--	----------	----------------------	---------------------------------	---------------	--

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
2.	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
3.	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	11-сынып	Ашық ақпараттық сабақ	Іс-шараның жоспары/ сценарийі	Сынып жетекші	
4.	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жсарғысы»)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп психологі	

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
---	------------------	--------------------	------------------	----------------	---	----------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1.	«Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
2.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
3.	Наурыз мейрамы	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
---	------------------	--------------------	------------------	----------------	---	----------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
2.	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
3.	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Ата-аналар қарасты білім беру ұйымдары	
4.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	11-сынып	Сайыс сабақ	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Денешынықтыру пән мұғалімі	

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	11-сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
2.	Белгілі спортшылардың, оның ішінде Параолимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен спорттың рөлі туралы бейнематериалдарды көрсету	11-сынып	Сынып сағаты Бейнематериал дайындау немесе мақала жазу	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
3.	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	11-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	